# Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 1520 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1520 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

4. «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның жанынан «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының екінші бағытын іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 және 2010 жылғы 10 маусымдағы № 556 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 783 қаулысында:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы «бағытын» деген сөз «және төртінші бағыттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның жанынан «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының екінші бағытын іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобының құрамында:

тақырыбындағы «бағытын» деген сөз «және төртінші бағыттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

мыналар:

«Сарыбеков Махаметғали Нұрғалиұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі;

Оразғұлов Расул Қабдолұлы - «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Орталық аппаратының басшысы (келісім бойынша)»

енгізілсін.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1520 қаулыға қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 10 маусымдағы
№ 556 қаулысымен
бекітілген

## «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК